

пространственные и т.п. отношения. Эта особенность выявляется как в английском оригинале, так и в русском переводе. Однако в английском языке логические связи между отдельными высказываниями часто обнаруживаются лишь в самом их содержании и особо не

выражаются. Русский язык предпочитает использовать специальные слова и вводные обороты, указывающие на тот или иной тип связи. Поэтому в переводе часто обнаруживаются подобные дополнительные уточнения, отсутствующие в оригинале [8, 398].

#### Литература

- 1 Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка. — Москва, Высш. шк., 1973.- 247с
- 2 Ванников Ю.В. Типы научных и технических текстов и их лингвистические особенности. - Москва, 1984.-143с.
- 3 Борисова Л.И. Лексико-стилистические трансформации в англо-русских научно-технических переводах. — Москва, ВЦП, 1981.-173с
- 4 Крупнов В.Н. Пособие по общественно-политической и официально-деловой лексике / В.Н. Крупнов.-Москва, 1984.-232 с.
- 5 Комиссаров В.Н. Лингвистические основы научно-технического перевода // Пособие по научно-техническому переводу. - Москва, 1980. - Ч. I.-264с
- 6 Бархударов Л.С. Язык и перевод - Москва, 1975.-354с.
- 7 Комиссаров В. Н. Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. - Москва, 1978.- 59с
- 8 Комиссаров В.Н., Кораллова А.Л. Практикум по переводу с английского языка на русский. - Москва, 1990.-398с.

#### References

- 1 Arnold I.V. Lexicology of modern English language. — Moscow, High school., 1973.- 247p
- 2 Vannikov Y.V. Types of scientific and technical texts and their linguistic features. - Moskva, 1984.-143p.
- 3 Borisova L.I. Lexico-stylistic transformations in the English-Russian scientific and technical translations. . — Moscow, VTP, 1981.-173p
- 4 Krupnov V.N. The manual on political and business lexicon. - Moscow, 1984.-232 p.
- 5 Komissarov V.N. Linguistic bases of scientific and technical translation/ The manual on scientific and technical translation. - Moscow, 1980. - P. I.-264p
- 6 Barhudarov L.S. Language and translation. - Moscow, 1975.-354p.
- 7 Komissarov V.N. Issues of the translation theory in foreign linguistics - Moscow 1978.- 59p
- 8 Komissarov V.N., Korallova A.L. Practical work on the translation from English into Russian. - Moscow, 1990.-398p.

ӘОЖ 82:801.6; 82-1/-9

А.С. Несипбекова

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың ІІ курс магистранты, Қазақстан, Талдықорған қ.  
E-mail: kzsanaksal@mail.ru

### Т. Ахтановтың «Махаббат мұңы» повесіндегі адами қасиеттердің көркем ізденістері

Мақалада автор повесть кейіпкерлерінің жан дүниесі, ішкі әлеміне талдау жасауға талпынған. Повестің қазақ әдебиетіне әкелген басты жаңалығы – адам жанын терең суреттей білген шыншылдығы мен психологизмі.

**Түйін сөздер:** эгоизм, шыншылдық, психологизм, өнер, дүниетаным.

A.S. Nessipbekova

#### T. Akhtanov's novel "Sorrow of love" artistic search of the human dignity

Takhaui Akhtanov in the novel "Sorrow of love" which is published in 60<sup>th</sup> of the XX century describes human inner world different phenomenon, happiness and sadness together. The author creates composition to the personage inside struggle is the main peculiarities of the novel. The writer describes the personages different reflection of the soul without any reputation by a size. T.Akhtanov in the novel "Sorrow of love" gives opening character that selfishness makes a man unmoral. The writer describes selfishness is not as a natural disability, but it is a large social illness. T. Akhtanov not only disrobes unpleasant qualities in human being, he wanted to open from where, from what it is appeared.

T.Akhtanov's "Sorrow of love" novel is the artistic work which shows that the author is a great master of making psychological analysis. The achievement of the novel "Sorrow of love" is describing the compositional wholeness and deeply opening the character's psychology, the personage inner world, the character's happiness and sadness, also showing at that moment trembly beating of heart and sense of melody with real pictorial sensibility, with psychologist particular ability. The novel opens to the 60th year's novel fertile channel to the psychology and lyricism.

The author also tried to show the writer's artistic description of psychology and man's untalented, selfishness problem which is the outside of honesty.

**Keywords:** selfishness, psychologism, art, morality.

А.С. Несипбекова

#### Художественные поиски человеческой личности в повести «Махаббат мұңы»

Тахауи Ахтанов в повести «Махаббат мұңы», вышедшей в свет в 60-х годах XX века, отображает разные явления в жизни человека воедино - печаль и радость. Главная особенность повести – это создание борьбы человеческой души.

Облик персонажей их переживания писатель описывает без повтора и с определенной нормой. В своей повести Т.Ахтанова «Махаббат мұңы» описывает, как эгоизм раскрывает в человеке нравственные качества. Писатель рисует эгоизм не как природную недостаточность, а как социальную болезнь. Т.Ахтанов не только раскрывает отрицательные качества у человека, но еще и показывает причину откуда они появляются.

Повесть «Махаббат мұңы» свидетельствует о том, что Т.Ахтанов мастер психологии человека. Достижение повести «Махаббат мұңы» – композиционная собранность и широкое раскрытие психологии образа, душевный мир героя, радости и сожаления, которые он испытал, мелодию сердца, которая билась в тот миг, душевное переживание – все это изображено с особым художественным чувством и особым психологическим умом. Повесть раскрыла психологические черты героев в прозе и лирике 60-х годов.

Автор статьи пытается доказать художественное мастерство писателя психологического описания подачи проблемы эгоизма, которые остаются на стороне человечности и бездарности в душе людей искусство.

**Ключевые слова:** эгоизм, психологизм, талант, человечность.

Тахауи Ахтановтың өнер, өнер адамы тақырыбындағы туындылары жазушы шығармашылығының тағы бір қырын аша түседі. «Махаббат мұңы» повесі мен «Күй аңызы», «Алғашқы ән», «Қызғаныш» әңгімелерін бір арнаға тоғыстырып тұрған бір ортақ байланыс бар. Бұл туындылары арқылы жазушы жаңа қырынан танылып, дүниетанымдық талғамының өзгеше-

лігімен ерекшеленеді. Т.Ахтановтың бұл тақырыпқа жазылған шығармаларының кейіпкерлері күрделі тұлғалар. Себебі, өзін тануы арқылы өзгелерді тану, не керісінше басқаны біле түсу арқылы өз жан дүниесіне үнілу, адамдар арасындағы күрделі қарым-қатынас, жеңіл ойлау мен дарынсыздық психологиясы туынды кейіпкерлерінің басындағы жай.

XX ғасырдың 60-жылдары қазақ прозасына адам жанының сан алуан құбылысын, қуанышы мен мұңын қатар бейнелеген Тахауи Ахтанов «Махаббат мұңы» повесімен келді. Повесть қалың оқырманын елең еткізіп, жұртшылықтың қолынан түсірмей оқитын шығармасына айналды.

Повестің сыршылдығы, адам жанын терең суреттей білген шыншылдығы мен психологизмі қазақ әдебиетіне әкелген басты жаңалығы болды. Хикаятқа ұлы жазушы М.Әуезов: «Әрине, «Махаббат мұңы» - жақсы повесть, өзгелері қонымды, ұнамды әңгімелер (рассказ, новелла). Бұлардың бәрі тақырыбы, адамдары, шындықтары жалғансыз, риясыз, әділ шындықтар, - сонысы ұнайды. Екінші – сен бір жақсы соныға түсе бастапсың. Ол – интеллигенция туралы жазу. Өзіңмен замандас, қанаттас қатарыңды жазу, соларды және ішкі мәдениет өрісіне қарай ішіне үңіле, сезіміне бойлап жазу бар (Осы кітабыңды оқу үстінде деймін). Ол сенің өзіме сондай ет-бауыр, шабытыңмен іні-бауыр екенінді сезіне отыру шақтары. Мен сенің мақалаларыңнан, үлкен романыңның да кей бояуларынан «осы менімен туыстас-ау» деп ойлап журуші ем. Ол мынада: мен өзімнің сезімдерімді, сырларымды саған жаздырып, соған барынша сеніп, еліге еріп, риза болып отырғандаймын. Әрине, әрбір сыршыл шығарма солай еліктіреді де: өз жүрегіңе ұқсап соққан жан тамырды жан бауырдай сезбеске шараң жоқ» - деп, жоғары баға берді.

Шығармада бас кейіпкер Ләззат әдебиет үйірмесінің жетекшісі, жас ақын Ниязға ғашық болады. Жүрегіне ұялаған махаббат сезімі жас қыздың жан дүниесін аласапыран етіп, ерекше бір күйге бөлеп, алабұртқан ішкі сезімін жыр жолдарымен ағытып сыртқа шығарады.

«Ләззат жүгіріп төбенің басына шықты да, кілт тоқтады. Жусан, бозы аралас ақшыл көк кең жазық алыс қыратқа иек артып көтеріліп барады. Әр жерде үйір-үйір қызғалдақтар өрттей жарқын». «Өрттей жарқын қызғалдақ» оның өрттей алаулаған сезімі. «Аспан ашық. Тұңғиық көкке ақ жалатып өткендей ала шабыр бұлт қана қалқиды. Көктемгі ауа діріл қағатын тәрізді. Ләззат аспан мен жер астасқан шетсіз кеңістікке көз тігіп құмарта қарап қапты. Шықылықтап күліп отырған балаға тосын ойыншықты ұстата салғандай, тыпыршыған көңілі тез тыйылып, әлденеге таңырқап тұр. Таныс дала осы күнге дейін өзі көрмеген тосын дүниедей. Көзге көрінбейтін күшті қол жер бетіндегі пердені сыпырып алып, бүркеулі жатқан қызығын,

бар сырын ашып бергендей» [1,54-55] – деген жолдар арқылы автор табиғат пен кейіпкердің психологиялық халін сәйкестендіріп беруге тырысады. «Таныс даланың» бүгінгі «көрпесін сылып тастаған» көз тартар өзгеше көрінісі қыз жанының ерекше күйімен астасып жатыр, себебі ол ғашық, іңкәр жанның көзімен қарайды.

Жазушы табиғаттың сұлулығы мен тылсым сырын алғаш жан жүрегімен сезінген, көңілінде тұңғыш ақындық сезім бұлқынып оянған Ләззат басындағы айрықша күйді әдемі суреттейді. Бұл күйін өзгеге айтайын десе келістіріп жеткізе алмайды, үндемей қалғанға ішіне сыймаған Ләззат өзінен-өзі жымысып езу тартады. Көңілі тынышталып, алдағы өмірінің мағыналы боларын сезіп қуанады.

«Ертеңгісін оянғанда кеше керемет бір жақсы нәрсе тауып алғанын, бірақ соның не екенін ұмытып қалғанын сезді. Табылған нәрсенің ешқайда кетпесін, ол есіне түскенде тағы да қуаныш біліп рақаттанып жатыр. Жуынып жүріп, күбірлеп, бір шумақ өлеңді айта берді. Қашан жаттағаны есінде жоқ. Көптен таныс өлең... кенет бетін шала сұрткен күйі сүлгіні ұстап таңырқап тұр. Кірпігінен көзіне тамған мұздай суды да байқар емес. Бұл түнде өзі шығарған өлең екен. Ләззат сенер – сенбесін білмей әлгі шумақты ішінен қайталап біраз тұрды» [1,57]. Ләззаттың ойына орала беретін өлең жолдары оған көптен таныс, себебі жүрегінен шыққан алғашқы туындысы. Бойын кернеген қуаныш сезімінен Ләззат көзіне тамған мұздай суды да байқамайды, тек әлгі шумақты қайталай береді. Жазушы Ләззаттың алғаш жыр жаза бастаған сәттегі қуанышы мен таңданысын шебер суреттеген.

Мектепті жана бітіріп келген, «ақындық – табиғаттың ерекше сыйы, ақындық дарыған адам – ерекше адам» деп есептейтін Ләззат жас ақын Нияздың өлеңдерін жоғары бағалап, оны барынша биіктетіп қабылдайды.

Автордың шығарманы кейіпкер жанының ішкі тартысына құруы – повестің басты ерекшеліктерінің бірі. Хикаятта бір жақсы көріп ысынған, бір сезіктеніп суынған кейіпкер көңілінің әр сәті терең әрі шынайы суреттеледі. Ләззаттың әр алуан жан толғанысын автор қайталаушылыққа ұрынбай, мөлшермен бейнейді. Оқиғалардың жедел дамып, жедел өзгеріп отыруы кейіпкердің жан дүниесіне түсірер салмағының әр алуандылығы мен шығарма жанрына байланысты болса керек.

Ләззат көңілін күдік пен күмән, шошыну мен өкініш бойлайды. Бұл сезім өткен жайды

қайта ойлантқандай. Сезімі әлі ырық бергісі келмесе де, Ләззаттың ой-санасында өзгеріс бар. Нияз тарапынан әлдебір қашқақтауды, салқындықты мойындағысы келмегенмен, сезеді. Жазушы осы ретте бас кейіпкерін тағы бір қырынан аша түседі. Ол – шындыққа тіке қарауға ұмтылыс. Шын ғашықтық сезіміне беріліп, өзін дүниеде теңдесі жоқ бақытты санаған Ләззаттың Нияздың қасынан «сұңғақ бойлы, ақ сұр» қызды көруі оның көңіліне қаяу түсіріп, арманын аяқ асты етеді.

«Осы елестен арыла алмады. Жүрегі шошып, ақыл-есінен айырылып қалғандай. Болған іске байыптап ой жүгіртуге де шамасы келмеді. Кенет өзінен гөрі ана қыздың Ниязға әлдеқайда өктемдігін сезіп, тұла бойын қызғаныш өртеді. Өзінің шын қор болғанын енді біліп, бар жүйесі босап, қатты ренжиді. Нияз... Ләззат оны қалтқысыз адал жүрегімен сүймеп пе еді. Ауылдан келген аңқау қызды алдап... Мейлі, алдадың, дегеніне жеттің... Дүниеде алданған қыз жалғыз мен емес шығар. Бір қорлыққа төзер едім...Неге түңілдіріп ашық айтпадың? Әлде ол жазаны азсынып...Бір емес, екі алдағаның ғой бұл. Мен сені жанымнан жақсы көріп едім ғой. Жазығым сол ма?

«Мені құшақтап сүйіп отырғанда, көңіліңде басқа қыз тұрған екен ғой» деген ой жүрегің осып кетті. Өзінің қорлық шегіне жеткеніне жаны удай ашып, жастыққа бетін басып солқылдап жылай берді» [1,68]. Қалтқысыз адал жүрегімен сүйген Ләззат ақыл-есінен айырылғандай күйге түседі, сабырмен ой жүгіртуге шамасы келмейді. Қорланған қыз жүрегі жаралы. Жазушы монолог арқылы кейіпкер көңіліндегі бір мезеттегі қызғаныш пен өкінішті, күйінішті қатар алып, жоғарғы шегіне жеткізе бейнелейді.

Шығарма тұтастай алғанда, бас кейіпкер Ләззаттың ішкі жан дүниесінің тартысына құрылады. Жан-жүрегімен беріле жақсы көре тұрып, алаңдауы, ренжи отырып бәрібір жаманшылыққа қимауы, інкәр көңілдің оны үнемі арашалап алуға ұмтылысы, соңында Нияздың өзінің сезіміне тұрмайтын жан екенін танығанда одан жиренуі мен сан құбылған көңіл-күйі – повестің психологизмі мен лиризмін тереңдетіп, көркемдік әсерлілігін күшейткен. Туынды композициясы да – басты кейіпкер Ләззаттың ой ағымына бағынған. Повестің басында оқырман Ләззаттың өз-өзімен оңашаланып, қалың ой кешкен бейнесін көрсе, шығарма соңында өз басындағы өткен жайды ой елегінен өткізіп, болашаққа сеніммен көз тастаған Ләз-

затты таниды. Өмір–тіршіліктің ой-шұқыры мол екен. Өмір дегенің Ләззат алғаш түйсінгендей тақтайдай жазық емес екен. Тәттісін ұсына отырып, ашысын да тосады. Адам осындай өз бақытын іздеуде аңғырт та таза көңілмен кей жағдайлардың пайымына терең бойлай алмай, адасады, өкінішке ұрынады екен. Сүрініп кетіп, қайта тұрады. Бірақ бәрібір өмір онымен тоқтап қалмайды. Тағы бір жақсы күндерін ұсынады, алға тартады. Ләззат образынан оқырман өмірдің осындай күрделі де кереғар жайын ұғынады. Жазушы шеберлігі де осы қыз мұның терең де шынайы, әсерін жоғалтпай көркем бейнелеуінде дер едік.

Автор шағын повесте Ләззат образын тек махаббат желісіне ғана телімей, кеңейтіп алады. Ләззат – ақын. Шығарманың басында көктемдегі құлпырған қыр қызғалдағы көкірегіне жыр боп құйылған оның Ниязға деген ғашықтық сезімін оянуы да осы поэзияға деген қалтқысыз сүйіспеншілігімен байланысты еді. Іштей поэзияны пір тұтқан Ләззат ақынды да ерекше жаратылыстың иесі деп ұғынады. Өз көңілінде бөлекшелеп алған Нияздың алдамшы бейнесін алғаш толық аңғара алмауы да осы өлең деген қасиетті өнердің өзін жаулап алған сиқырына қатысты еді.

Шығармашылық табиғаты, оның бастау бұлағы мен өрісі повесте әдемі өрілген. Туындыдан шын ақындық жолының оңай еместігі көрінеді. Өмірдің ауыр талқысынан өткен Ләззат өзіне қояр жоғары талап – ізденісімен және өнерге деген адалдығымен ғана биік табыстарға жетеді. «Майданда қорқақ жауынгер жексұрын болса, әдебиетте жалған жазушы жексұрын» деп толғанатын Ләззат туындының соңында өзіне де, өзгеге де қатал өнер адамына көтеріледі. Өмір сабақтары жеке басы үшін жеңіл болмаса да, шығармашылығына тың серпін, мазмұн әкелген.

Автор Нияз образы арқылы үлкен ой айтады. Ол – әдебиеттегі талантсыздық. Қай кезең әдебиетінде де арам шөптей өскелең келетін бұл мәселе Т.Ахтановты да шығармашылық ғұмырында терең толғанды. Сонау 70-жылдары әдебиетте тым белең ала бастаған осы келеңсіздікке кезінде қарсы майдан ашқаны да белгілі. Тасқын судай ағытылған ағынға бөгет болу да оңай емес-ті. Жазушылық ортада өзі терең сезінген дарынсыздық пен өлермендіктің, ынсапсыздықтың психологиясын автор Нияз образы арқылы ұтымды бейнелейді. Шығарманың басында Ләззаттың ой – танымымен өрілетін Нияз биіктен көрінгенімен, бірақ Ләззат – Нияз

қатынасы өрістеген сайын адамдық тұрғыдан төмендей түседі. Ол, біріншіден, өзін құлай сүйген Ләззатқа опасыздық жасауымен байланысты болса, кейіннен сарқылып қалған көлшіктей талантының бірте – бірте таяз тартуы. Ізденісі жоқ, жеңіл жол, арзан атаққа ұрынған ол бойындағы жылт еткен аз талантының ұшқынын да сөндіріп, өнердегі көп тобырдың біріне айналады. Шығарма ақырында соңғы кезге дейін Ләззат көңілінде ақтауға, қамқор болуға ұмтылған, күйі болмаған дарын деп ұғынған Нияздың шын кейпі ашылады. Ол дарынсыздығының үстіне Ләззаттың соншалықты таза көңіліне титімдей де жанаспайтын пасық, күйкі жан екенін танытады.

«Ләззат тыжырынып қалды. Сөзді қалай бастарын білмей, қиналып ұзақ отырды. Оның түрін көріп Нияз да ойнақы көңілімен тыйылып, өкпелеген баладай томсырайып алған. Нияздың осы бір балалық кескіні сонау кезде өзіне сүйкімді көрінуші еді. Бірақ... Отыз бен қырықтың арасындағы адамға балалық жараспайды екен.

Бұдан сегіз – тоғыз жыл бұрынғы қалпы. Нияз тіпті өзгермеген сияқты. Сырт көзге сол күйі жылтырап тұр. Бетке түскен әжім, шашқа кірген ақ та жоқ. Қансырай қатқан денесіне ет те қосылмаған – тарамыс қара. Бірақ анықтап қарасаң осы жігіттің өңі қар астында қыстап шыққан өсімдік тәрізденіп, бояуы оңып, тозып бара жатқанын аңғарасың. Түйе мойнағындай бет терісі қалындап, өзінен-өзі бүрісіп жиырыла бастапты. Ләззат енді байқады – көзі де дымқылданатын болыпты. «Сен де ескіріп қалған екенсің ғой» деді ішінен» [1,87-88]. Ләззаттың «Сен де ескіріп қалған екенсің ғой» деген сөзінен Ниязға деген мүсіркеушілік пен жанашырлық сезімнің қатарласып келуін байқаймыз.

« - Мынау өлеңдеріңді кітап етіп шығаруға болмайды, – деп төтесінен бір-ақ айтты. Нияз Ләззатқа тұңғыш көрген адамындай көзі адырайып, таңырқай қалды.

- Сонда... қалай? Түгел жарамай ма?

Ләззат жауап қатпай басын изеді. Нияз сенер – сенбесін білмей Ләззаттың бетіне жалтақтап қарай берді.

- Мен сенен мұны күткен жоқ едім.

- Мен де сенен мұндайды күткен жоқ едім.

Өзің ойлашы, Нияз. Осында арзан сөз екінің бірінен шығады... – деп Ләззат енді шешіліп келе жатыр еді.

Нияз күрт өзгерді.

- Сен құрлы өлең жазу қолымнан келеді. Саған жақпады деп, халыққа жаққан өлеңімді өртеп алмаймын, - деп орнынан ұшып тұрды.

- Нияз, мен саған шын көңілмен айтып отырмын ғой. Ойласаңшы өзің...

- Бұлай жазуға болмайды...

- Бұлай пікір айтуға да болмайды. Мен де түсінем. Кек алудың қапысын аңдыған екенсің ғой. Жоқ бауырым. Оның реті келе қоймас. Түптей келгенде айыпты мен емес...

Ләззат төбеге ұрғандай үнсіз қалды. Нияз ашу үстінде өзінің тым асып кеткенін сезді білем, кешірім сұрауға әлі ет қызуы басылмай, бірақ шығып та кете алмай, қыз алдында қипақтап тұр. Бір кезде кінәлі дауыспен:

- Ләзтай... – деді.

Ләззат селк ете қалды. Басын көтеріп алып, жас мөлтілдеген көзімен Ниязға тіке қарады.

- Кет...

- Ау, Ләзтай...

Ләззат тыжырынып:

- Жә, - деп жекіп қалды.

- Мә, мынауыңды ала кет.

Ләззат алдында жатқан папканы қолының ұшымен итеріп тастады» [1,88-89]. Шынайы айтылған сынды қабылдай алмаған Нияз өткенді қозғап, өзінің пасық ойын білдіріп қалады. Ләззаттың жиіркеніш сезімін тудырады. Жазушы кейіпкердің бір ауыз сөзімен Нияздың шын бейнесін шебер ашып берсе, Ләззаттың сөзімен берілетін соңғы үкім де шығарманың идеялық – әлеуметтік түйінін салмақтандырған.

Повесть тек махаббат мәселесіне ғана құрылмай, ақындық өнер, талант және дарынсыздық проблемасымен іштей ұштасуы шығарма тынысын кеңейтіп, образдарды тұлғаландыра түскен. Ләззат, Нияз бейнелерінен өнердің барынша күрделілігі, өнер ортасының күнгейі мен көлеңкесі қатар көрінеді.

Шығарманың бас кейіпкері Ләззат оқырманға барлық сезім-сырларымен толық көрінеді. Оның қуанышы мен күйзелісі, өкініші – оқырманға да етене жақын сезім-күйлер. Оқырман Ләззаттың басындағы әр алуан жайлармен тікелей эмоциялық қарым-қатынаста болады. Мұның бір себебі туындыда адамдық қасиеттердің боямасыз шынайы көрінуінде. Сондықтан да ғалым З. Жұмағалиевтің:

«... Автор өмір салты, ар-ұждан хақындағы ұстанған принциптері бір-бірлеріне ұқсамайтын екі жастың арасында болған бір қарым-қатынастан конфликт тауып, оны әлеуметтік деңгейге көтереді, ниязшылдықтың сырын ашады.